

"Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мәдениет және спорт саласындағы білім беру ұйымдарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлі туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 221 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 11 қыркүйектегі № 250 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 қыркүйекте № 15761 болып тіркелді

"Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы 7-бабының 23-7) тармақшасына, сондай-ақ "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2017 – 2018 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 22 маусымдағы № 386 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 31 тамыздағы № 528 қаулысын іске асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мәдениет және спорт саласындағы білім беру ұйымдарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 221 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15507 болып тіркелген, 2017 жылғы 24 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Білім, ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық департаменті (А. Сүйінов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық бұйрық ресми жарияланғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрі

А. Мұхамедиұлы

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі
2017 жылғы 11 қыркүйектегі
№ 250 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі
2017 жылғы 1 тамыздағы
№ 221 бұйрығына 2-қосымша

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мәдениет және өнер саласындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2017 - 2018 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Шифр	Мамандық атауы	Мемлекеттік тапсырыс бойынша орын саны
Бөлім 1. Магистратура			
Бөлімше 1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесі			
1	6M010600	Музыкалық білім	2
2	6M020400	Мәдениеттану	4
3	6M040100	Музыкатану	1
4	6M040200	Аспаптық орындаушылық	11
5	6M040300	Вокалдық өнер	8
6	6M040400	Дәстүрлі музыкалық өнер	8
7	6M040500	Дирижирлеу	2
8	6M040600	Режиссура	1
9	6M040700	Актерлік өнер	1
10	6M041000	Сценография	2

11	6M041100	Композиция	1
12	6M041200	Операторлық өнер	1
13	6M041300	Кескіндеме	1
14	6M041600	Өнертану	2
15	Барлығы бөлімше бойынша		45
Бөлімше 2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесі			
16	6M040400	Дәстүрлі музыкалық өнер	5
17	6M040600	Режиссура	20
18	6M040700	Актерлік өнер	6
19	6M040800	Эстрадалық өнер	4
20	6M040900	Хореография	2
21	6M041000	Сценография	4
22	6M041200	Операторлық өнер	3
23	6M041300	Кескіндеме	4
24	6M041400	Графика	2
25	6M041500	Мүсін	1
26	6M041600	Өнертану	7
27	6M041700	Сәндік өнер	5
28	6M042100	Дизайн	3
29	Барлығы бөлімше бойынша		66
Бөлімше 3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы" республикалық мемлекеттік мекемесі			
30	6M040100	Музыкатану	3
31	6M040200	Аспаптық орындаушылық	14
32	6M040300	Вокалдық өнер	2
33	6M040400	Дәстүрлі музыкалық өнер	9
34	6M040500	Дирижирлеу	5
35	6M041100	Композиция	1
36	6M010300	Педагогика және психология	1
37	Барлығы бөлімше бойынша		35
Бөлімше 4. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Қазақ ұлттық хореография академиясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы			
38	6M040600	Режиссура	2
39	6M040900	Хореография	2
40	6M041600	Өнертану	1
41	Барлығы бөлімше бойынша		5
42	Барлығы бөлім бойынша		151
Бөлім 2. Докторантура PhD			
Бөлімше 1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесі			
43	6D010600	Музыкалық білім	1

44	6D040100	Музыкатану	3
45	6D040200	Аспаптық орындаушылық	2
46	Барлығы бөлімше бойынша		6
Бөлімше 2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесі			
47	6D040600	Режиссура	6
48	6D041600	Өнертану	8
49	Барлығы бөлімше бойынша		14
Бөлімше 3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы" республикалық мемлекеттік мекемесі			
50	6D042300	Арт-менеджмент	2
51	6D040400	Дәстүрлі музыкалық өнер	2
52	Барлығы бөлімше бойынша		4
53	Барлығы бөлім бойынша		24

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК